

Ә.Б. Сақбекова , С.Ш. Мұсатаев\* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*e-mail: [mceka@mail.ru](mailto:mceka@mail.ru)

### Ұлттық бірегейліктің этносаяси тұжырымдамалары: әлемдік тәжірибе және қазақстандық үлгі

Ұлттың өзін-өзі анықтау мәселесі этносаясаттағы өзекті тақырып болып табылады, өйткені бұл ұғым ұлттық-мәдени бірегейлік пен азаматтық сана-сезімді, патриотизм мен мемлекетшілдік ұстанымды, қоғамдық келісім мен ұлтаралық қатынастар саласындағы мәдениетті қамтитын күрделі ұғым. Халқының құрамы күрделі көпэтносты мемлекеттер үшін ел ішінде жасампаз ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту қоғамдағы достық пен ынтымақтың кепілі, жалпыұлттық идеяға бірігу мен ұлттық дамудың даңғыл жолы. Алайда ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қиындығы мен ішкі қайшылығы көп ауыр міндет болып табылады, сондықтан әлемдік саяси тәжірибеде түрлі тұжырымдамалар мен үлгілер туындаған. Оларға салыстырмалы талдау жасау, қорыту және тиісті сабақтар ала білу аса маңызды. Бұл мақаланың авторлары «ұлттық бірегейлік» ұғымын әлемнің әртүрлі ғылыми мектептері (француз, неміс және т.б.) тұрғысынан қарастырады. Сондай-ақ, қазіргі қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы қарастырылып отырған сәйкестік формаларының рөлі талданады.

Мақалада этникалық бірегейліктің ерекшеліктері, әлемдік тәжірибесі мен қазақстандық үлгісі талданып ұлттық-мәдени бірегейлікті қалыптастыру және сақтау мәселесі этносаяси тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырылады. Көпэтносты мемлекеттердегі ұлт саясатын жүзеге асыру мен ұлттық-азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың өзекті мәселелері көтеріледі, осы бағыттағы жұмыстарды дамытуға септігін тигізетін ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** ұлт саясаты, этнос, ұлт, нация, диаспора, ынтымақтастық, этносаралық қатынастар, ұлттық ерекшеліктер.

A. Sakbekova , S. Mussataev\*   
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
\*e-mail: [mceka@mail.ru](mailto:mceka@mail.ru)

### Ethnopolitical concepts of national identity: world experience and Kazakhstan's model

The problem of self-determination of a nation is an urgent topic in ethnopolitics, since it is a complex concept that includes national and cultural identity and civic consciousness, patriotism and statesmanship, culture in the sphere of social harmony and interethnic relations. For multi-ethnic states with a complex population, the formation and strengthening of a creative national identity within the country is a pledge of friendship and solidarity in society, a way of integration into the national idea and national development. However, the complexity and internal inconsistency of the formation of national identity is a more serious task, therefore, various concepts and models arise in world political practice. It is very important to be able to conduct their comparative analysis, generalize and receive appropriate lessons. The authors of this article consider the concepts of «national identity» from the point of view of various scientific schools of the world (French, German, etc.). The role of the considered forms of identity in the formation and development of modern society is also analyzed.

The article analyzes the features of ethnic identity, world experience and the Kazakh model, considers the problem of formation and preservation of national and cultural identity from the standpoint of ethnopolitical concepts. Topical issues of the implementation of national policy and the formation of national-civic identity in multiethnic states are raised, proposals are given that contribute to the development of work in this direction.

**Key words:** national policy, ethnos, nation, nation, diaspora, cooperation, interethnic relations, national peculiarities.

A.Б. Сақбекова , С.Ш. Мұсатаев\*   
Казакский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: [mceka@mail.ru](mailto:mceka@mail.ru)

### Этнополитические концепции национальной идентичности: мировой опыт и казахстанская модель

Проблема самоопределения нации является актуальной темой в этнополитике, поскольку это сложное понятие, включающее национально-культурную идентичность и гражданское сознание, патриотизм и государственническую позицию, культуру в сфере общественного согласия и межнациональных отношений. Для полиэтничных государств со сложным составом населения формирование и укрепление внутри страны созидательной национальной идентичности – залог дружбы и солидарности в обществе, путь интеграции в общенациональную идею и национального развития. Однако сложность и внутренняя противоречивость формирования национальной идентичности является сложной задачей, поэтому в мировой политической практике возникли различные концепции и модели. Поэтому очень важно проводить их сравнительный анализ, обобщать и получать соответствующие уроки. Авторы данной статьи рассматривает понятия «национальная идентичность» с точки зрения различных научных школ мира (французской, немецкой и т.п.). Также анализируется роль рассматриваемых форм идентичности в становлении и развитии современного общества.

В статье анализируются особенности этнической идентичности, мировой опыт и казахстанская модель, рассматривается проблема формирования и сохранения национально-культурной идентичности с позиций этнополитических концепций. Поднимаются актуальные вопросы реализации национальной политики и формирования национально-гражданской идентичности в полиэтнических государствах, даются предложения, способствующие развитию работы в данном направлении.

**Ключевые слова:** национальная политика, этнос, нация, нация, диаспора, сотрудничество, межэтнические отношения, национальные особенности.

## Кіріспе

Этникааралық қатынастар көп қырлы әрі қарқынды жүретін үдеріс болғандықтан, қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыруына ықпал етеді. Бұл үдерісте ұлттық бірегейлік ерекше орын алады, ал оның тілдік, мәдени-рухани, тарихи, діни жақтары бар екенін де ескерсек, көп этносты қоғамдағы бұл мәселенің қиындығы мен карама-қайшылығы көп, бірақ оны қалыптастыру объективті қажеттілік болып табылады. Сондықтан этносаралық татулық пен қоғамдық келісім салиқалы ұлт саясатын жүргізу мен ұлттық-азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайтуға тікелей тәуелді.

Ұлт саясаты – ұлт пен ұлттық қауымдастықтың ішіндегі, және ұлттар арасындағы саяси, экономикалық, мәдени, тілдік, идеологиялық және діни өзара қарым-қатынастарды ғылыми негізделген заңдар, принциптер мен ережелер жүйесі арқылы реттеу мен басқарудың саясаты. Басқаша айтқанда, ұлт саясаты – ұлттық және этникааралық қатынастарды үйлестіріп, ұйымдастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер мен іс-әрекеттердің жиынтығы, мемлекеттің заңды және ұйымдастырушылық-идеологиялық шарасы.

Өз кезегінде, ұлт саясатын жүргізу мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, этникааралық келісімді сақтауда жанжал туғызушы алғышарттардың алдын алуға, ішкі және сыртқы саяси қауіп-қатерге аса көңіл бөлінеді. Сондықтан бұл мәселені кешенді зерттеу қоғамдық ғылымдар үшін ерекше қызығушылық тудырады.

**Мақала тақырыбын таңдау мен мақсат-міндеттерді негіздеу.** Ұлттық бірегейлік өте күрделі, көп өлшемді, сан қырлы құбылыс болып табылады. Латынша «*identifico*» - «сәйкестендіремін» («отождествляю») деген мағына береді. Ағылшын ғалымы Э. Гидденс бірегейлікті (идентификация) екі ұшты ұғым деп анықтауы тегін емес. Бұл ұғым бір жағынан әмбебап, шексіз, ауқымы кең: адам өзін жалпы

адамзатпен, белгілі бір нәсілмен немесе өркениетпен сәйкестендіреді. Екінші жағынан өте шектеулі, тар ауқымдағы бірегейлікке ұласады: жеке адам өзін нақты бір ұлтқа, дінге, жынысқа, кәсіп иесіне жатқызады (Giddens A.: 1991).

Мемлекеттің ұлт саясатын жүзеге асыруындағы қиындықтар мен қайшылықтардың болуы да осыдан келіп туындайды, ел халқын құрайтын түрлі этнос өкілдері, жекелеген адамдардың сан-алуан мүдделері, талап-тілектері, армандары, сәйкестендіру сезімдері бар. Олардың барлығын жалпыұлттық идеяға ұйыстыру, ортақ арман-мақсатқа біріктіру, ұлттық стратегияға жұмылдыру оңай емес.

Әлемдегі кез-келген Қазақстан секілді ұлттық унитарлы мемлекет үшін тұтастық пен тәуелсіздікті сақтаудың негізгі шарттарының бірі – азаматтарын біртұтас халық етіп біріктіру. Елдің саяси-экономикалық өміріндегі барлық күштер үшін де, әрбір қазақстандық азамат үшін де ортақ әрі ең биік мақсат – тәуелсіз Қазақстанды дамыту, отанымыздың ұлттық мүдделерін қорғау мен ұлттық қауіпсіздігін қорғау болуы тиіс. Бұл барлық ұлттық мемлекеттер үшін ортақ қағидат. Сондықтан этносаясаттағы бірегейлік мәселесі ешқашан да өзінің өзектілігін жоғалтпайды. Бұл өз кезегінде осы зерттеу тақырыбын таңдаудың қажеттілігін анықтайды.

**Бұл зерттеудің мақсаты** - ұлттық бірегейліктің әлемдік тәжірибесін салыстырмалы талдау, этникалық және азаматтық бірегейліктің ерекшеліктерін айқындау, этникалық өзін-өзі айқындаудың еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынастарға әсерін, жаңа қазақстандық патриотизмді дамытуға ықпалын саясаттанулық талдау.

**Зерттелетін мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылған:**

- этникалық бірегейлікті зерттеуде қалыптасқан ғылыми бағыттарды салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

- ұлттық бірегейліктің әлемдік тәжірибесін қорытып, бұл ұғымның мәні мен мазмұнын ашу, алғышарттары мен негізгі құрамдас элементтерін айқындау;

- этносаясаттағы «ұлт» және «нация» ұғымдарын қолдануда мән берілуі тиіс мәселелерді қарастыру;

- этносаясат саласында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру бағытында қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің ерекшеліктерін зерделеу;

- қазақстандық ұлт саясатының ерекшеліктері мен өзекті мәселелерін талдау.

**Зерттеу бағыты** ұлт саясаты, ұлттың өзін-өзі айқындау мәселесі, этносаясаттағы ұлттық бірегейліктің орны мен рөлі, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат.

**Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы**

Зерттеудің нәтижелері этносаясатты жетілдіруге, мемлекеттік ұлт саясатында басшылыққа алынатын әдіс-тәсілдерді дамытуға септігі тигізеді. Әлемдік тәжірибеде қолданыс тауып жүрген этносаяси тұжырымдамалар мен қағидаттар мысалында жасалған салыстырмалы талдау қорытындылары Қазақстан үшін тиімді сабақ алуға көмектеседі. Ұлттың өзін-өзі айқындауы, этникалық бірегейлік, тілдік немесе діни бірегейлік сияқты мәселелер байыпты ғылыми талдауды қажет етеді. Зерттеу нәтижелері ұлтаралық қарым-қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын қызметтер үшін практикалық жағынан пайдалы болуы мүмкін.

### Ғылыми зерттеу әдістемесі

Осы зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық қағидаты, жүйелік және салыстырмалы талдаулар болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тарихи тәсіл этнологияның кейбір арнайы ғылыми әдістерімен, сондай-ақ оның субдисциплиналарымен: этносаясат, этноәлеуметтану және этнопсихологиямен бірге қолданылады.

Зерттеу барысында этнология ғылымында қалыптасқан примордиализм, инструментализм, функционализм және конструктивизм сияқты негізгі ғылыми тұжырымдамалар басшылыққа алынды. Сонымен қатар этносаясат саласында ерекше орын алатын шетелдік, ТМД және қазақстандық ғалымдардың еңбектері қолданылды.

Британдық ұлтшылдық бағытының теоретигі, «1780 жылдан кейінгі ұлт және ұлтшылдық» жұмысының авторы Эрик Хобсбаум ұлт ұғымының саяси аспектісін анықтады. Автор ұлттарды белгілі бір кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүретін «мемлекет» ұғымымен байланыстыра отырып қарастыру керек деп

жазады: «Ұлт – бұл қазіргі заманғы аумақтық мемлекеттің белгілі бір түрімен, «ұлт-мемлекетпен» байланысты болғандықтан ғана әлеуметтік құрылым саналады, және осы байланыстан тыс ұлт пен ұлттар туралы айтудың мағынасы жоқ» (Хобсбаум Э.Дж.: 1998).

Француздық ғалым Этьен Балибар мен әлем-жүйелік талдауды жасаушы Имануэль Валлерстайнның біріккен авторлықта жазған «Нәсіл, ұлт, тап. Екіұшты бірегейліктер» атты еңбегінде «нәсіл», «ұлт» және «этникалық топ» ұғымдарын салыстырады. Нәсіл – генетикалық, этникалық топ – мәдени, ал ұлт – әлеуметтік-саяси белгілер арқылы түсіндіріледі. Егер бір мемлекетте бірнеше этникалық топ өмір сүре алатын болса, ұлт (нация) деген біреу ғана болады (Балибар Э., Валлерстайн И.: 2004).

Сонымен қатар, И. Валлерстайн ұлт өзінің өткен өмірінің маңыздылығын сезінуі аса қажет дейді, ол тек адамгершілік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің саяси құралы, сол арқылы ұлттық идеологиялар қалыптасатынын атап көрсетеді.

Жаһандану тұжырымдамасының негізін салушылардың бірі, әлеуметтанудағы интегративті бағыттың өкілі Энтони Гидденс те ұлттың қалыптасуындағы мемлекеттің ерекше рөлін баса айтады. Оның анықтауы бойынша, ұлт дегеніміз – біртұтас әкімшілікке бағынатын, мемлекеттік басқару аппараттарымен бақыланатын, нақты шекаралары бар аумақта өмір сүретін қауымдастық (Giddens A.: 1991). Жаһандану дәуірінде, бір жағынан, экономикалық жақындасу, ұлттардың интернационализациясы, екінші жағынан, ұлттық бірегейлікті сақтау, олардың ұлттық ерекшеліктерін қорғау проблемасы туындайды.

Сонымен қатар, британдық зерттеуші Бенедикт Андерсонның ұлттарды «қиялдағы қауымдастықтар» деп анықтайтын көзқарасын атап өткен жөн, яғни әлеуметтік құрылымдар тек субъективті әлемде бейнелер түрінде өмір сүреді және саяси элиталар жасайды (Андерсон Б.: 2016). Осылайша, «қиялдағы қауымдастық» адамдардың егеменді және еркін ұлтына жату сезімін, белгілі бір мемлекеттің аумағында тұратын, бірақ ешқашан бір-бірімен кездеспейтін адамдардың ой-санасындағы ұлт бейнесін қалыптастырады.

Ұлттың өзін-өзі айқындауы мәселесінің теориялық қырларын ашу мен ұлттық бірегейлік туралы қолданбалы талдау жасауда Дж. Армстронг, Р. Брубейкер, Н. Гарднер, М. Дабаг, Б. Кео, Дж. Клиффорд, У. Коннер, Р.Коэн, А. Райдер, Ж. Сан, У. Сафран, Х. Тололян, М. Тюно, Г. Шеффер, М. Эсман

сияқты батыс зерттеушілерін, ал ТМД ғалымдарының ішінен В.И. Дятлов, Т.С. Илларионова, В.В. Кочетков, В.Ю. Калинин, З.И. Левин, А.В. Милитарев, Т.В. Полоскова, В.Д. Попков, В.А. Тишков, Ж.Т. Тощенко, Т.И. Чаптыкова сияқты диаспора мәселелерімен айналысатын көптеген зерттеушілерді атап өтуге болады.

Қазақстандық ұлт саясатын зерттеушілер де идентификация мәселесін назардан тыс қалдырмайды: А. Айталы, Ж.Ж. Алтаев, Р.Б. Әбсаттаров, С.М. Борбасов, М.Ж. Жолдасбеков, Ә.С. Кәукенов, Г.Н. Ким, Р.Қ. Қадыржанов, Ә.С. Қайдарова, Ә. Құранбек, Т.А. Мамашев, Г.М. Меңдіқұлова, Н. Мұқаметханұлы, А. Мұқибек, Ж.Ж. Молдабеков, Ж. Мырзахан, Д.В. Мен, Г.Ө. Насимова, Н.В. Романова, Т.С. Сәрсенбаев, М. Сеңгірбай, М.Б.Тәтімов, Ж. Шәкенұлы, К.Ш. Хафизова сияқты көптеген отандық зерттеушілер осы мәселені қарастырды.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріндегі нәтижелері біздің зерттеу тақырыбымыздың теориялық-әдіснамалық мәнін ашуға септігін тигізді.

#### **Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары**

Осыған байланысты «ұлт», «этнос», «мәдениет», «бірегейлік» сияқты көп өлшемді, бір-бірімен сабақтас ұғымдарды анықтау қажеттілігі туындайды.

#### **Ұлт мәселесін зерттеу бойынша қалыптасқан ғылыми бағыттар**

Этностың табиғатын анықтау мақсатында қалыптасқан негізгі ғылыми тұжырымдар примордиализм, инструментализм, функционализм және конструктивизм бағыттары саналады. Сонымен қатар, ұлтты анықтаудың француздық және немістік үлгілері, америкалық «балқыту қазаны» да бар екенін айта кеткеніміз жөн. Енді осыларға жеке-жеке тоқталсақ.

Примордиализм (эссенциализм, субстанционализм) – этнос деп аталатын ұжымдық құрылым өте ежелде қалыптасқанын, тіпті алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінің өзінде болғанын негіздейтін, ал адамның белгілі бір этносқа тән болуы объективті шынайылық деп санайтын ғылыми бағыт. «Этнос» термині ежелгі грек тілінде қауым, тайпа, үйір, табын деген мағыналар берген, яғни, адамдар қауымы мен топтасып өмір сүретін жан-жануарлар мен өзге де тіршілік иелеріне қатысты қолданған. Дами келе гректер

бұл терминді жат жұрттық варварларға қатысты қолданған.

«Этнос» ұғымын XIX ғасырда европалық ғылыми айналымға неміс зерттеушісі А. Бастиан енгізген деп саналады (Марков Г.Е.: 2004). Бұл ұғым Францияда ұзақ уақыт діни сипатта қолданыс тапқанын айта кеткен жөн, яғни, француздар «ethnie» терминін христиан дінін мойындамайтын, көпқұдайшыл азшылықтарға қатысты қолданған. Кейін де этнос терминін европалықтар жат жұрттықтарға, европалық емес халықтарды атау үшін пайдаланып, жағымсыз мағындағы ұғым ретінде қарағаны тарихта қалды.

Примордиализм бағытын дамытуға үлес қосқан ғалымдардың ішінде әлеуметтанушы Герберт Спенсер ерекше орын алады, ол әлеуметтік қауымдарды зерттеуге Ч. Дарвиннің табиғи сұрыпталу теориясын бейімдеп, әлеуметтік дарвинизмді негіздеді, яғни, әрбір адам өзін өзі сақтау және ұрпақ жалғастыру инстинктіне бағынып тіршілік етеді, бір-бірімен бәсекеге түседі, өмір үшін күреседі. Ежелгі заманнан бастап отбасын құру, тайпалық одақтарға бірігу, мемлекет құру сияқты қауымдық бірлестіктердің түп тамырында жоғарыда аталған алғышарттар жатыр.

Примордиализм бағытының тағы бір көрнекті өкілі Энтони Смит қазіргі заманғы ұлт-нациялардың шығу тегі этностардан бастау алады деп көрсетті. Ол этносты көлбеу (латеральды) және тік (вертикальды) деп екі түрге жіктеді. Латералды этностар өсіп-өркендей келе өздерімен көршілес жатқан ру-тайпаларды, қауымдарды бағындыру, жерін жаулап алу арқылы қанатын кеңейтті. Ірі этностың құрамына қосылған ұсақ ру-тайпалардың көсемдері билеуші элитаның қатарына өтіп, өздерінің әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінен бас тартып, ірі этностың өмір салтын ұстануға көшеді. Сөйтіп, ұсақ ру-тайпалардың өзіндік ерекшеліктері бірте-бірте жойылып, ассимиляцияға ұшырап, ірі этностың құрамына сіңіп кетеді. Бұл ұстаным бойынша қазақтар да латеральды этносқа жатады, яғни, қазақ халқы шығысында Алтай тауыннан бастап, батыста Каспий теңізіне дейінгі аралықтағы ұлан-байтақ аумақта өмір сүретін, үш жүзге біріккен, ондаған ру-тайпалардан құралғаны белгілі.

Э. Смиттің ойынша, Батыс Европалық этностардың көпшілігі вертикальды түрде қалыптасып дамыған. Өйткені европалық этностарды құрайтын халық саны бір-бірімен

шамалас болды, географиялық жағынан аумақтың көлемі де шектеулі болды, ал көршілес жатқан этностардың күш-қуаттары өзара теңдес еді. Әрбір европалық этностың элитасы мен халқы тығыз байланысты болды, бірегей тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтай білді. Әр этнос өздерінің ата-бабаларынан мұра болған аумақтық шекараны қорғады. Сондықтан олар бір-бірімен қаншама соғысса да кең ауқымды жаулап алуларды жүзеге асыра алмады, бір-бірін ассимиляциялап жұтып қоюға мүмкіндік болмады. Европалық этностар өздерінің қауымдық тұрмыс-тіршілігін қасиетті деп санап, бұл сезім олардың ұлт-нация болып бірігуіне, дами келе ұлт-мемлекет ретінде қалыптасуына, демократиялық институттардың туындауына негіз болды (Смит Энтони Д.; 2004).

XX ғасырдың соңғы ширегінде батыстық этносаиясатта этносты байлық пен мәртебеге қол жеткізудің, билік үшін күрестің саяси құралы деп қарастыратын инструменталды бағыт белең алды. Д. Горовиц, Дж. Ротшильд, С. Олзан, Дж. Нейджел сияқты инструментализм бағытының өкілдері этникалық ынтымақтастықтың қоғам өміріне ықпалын зерттеді. Бұл бағыттағы зерттеушілердің ойынша қоғамдағы адам қауымдары арасындағы тілдік, діни, нәсілдік т.б. ерекшеліктер этникалық бірегейлік қалыптасуының алғышарттары болып табылады. Этникалық бірегейлік өз кезегінде топаралық қарым-қатынастарға, ұлт-азаттық күреске, этникалық-топтық мақсат-мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған саяси іс-әрекеттерге арқау болады.

Ал Дэвид Лэйтин сияқты инструменталист ғалымдар этникалық бірегейлік арқылы адамдар өздерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық және өзге де мүдделерін анықтап, өздеріне қолайлысын таңдап, сол арқылы топтық бірлесуді нығайтатын рационалды таңдау теориясын өрбітті. Яғни, этникалық бірлік арқылы адамдар өздеріне ортақ мақсат-мүдделерді қорғап, жүзеге асыру анағұрлым тиімді екенін түсінеді, соның нәтижесінде саналы түрде этносқа ұйысып, ұлттық бірігу жүзеге асады. Д. Лэйтин бірегейліктің түрлі деңгейлері болатынына ерекше мән береді: әрбір адам бір мезгілде ұлттық, тілдік, діни, нәсілдік, таптық, жыныстық, әлеуметтік сияқты бірнеше топтың мүшесі болып табылады, саналы таңдау жасайды, сәйкесінше әр топтың ішінде әртүрлі рөлдерді атқарады (Laitin D.; 2001).

Инструментализм тұжырымдамасы бойынша ұлттың бойында мемлекетшілдік сананың қалыптасуы оның өкілдерін ұлт-азаттық күреске жұмылдырады, ұлттық сана-сезім тәуелсіздікке бастайды, ұлттық бірегейлік саяси күрестің құралына айналады. Сәйкесінше, ұлттық мемлекетті оны құрушы негізгі төл (титулды) ұлтсыз көзге елестету қиын, сол сияқты Қазақстанда байырғы қазақ ұлтының тарихи орны ерекше, себебі, қазақтар – мемлекет құрушы төл этнос. Мемлекет – Қазақстан деп аталады, яғни, “Қазақ елі”. Мемлекет бірлігі мен болашағына жауапты ұлт, оны құраушы төл ұлт, демек, оның тарихи жауапкершілігі де ерекше.

Этникалық бірегейлікті анықтауда тағы бір ғылыми бағыт Огюст Конт пен Герберт Спенсер еңбектерінен бастау алатын функционализм болып табылады. Функционализм бойынша этникалық белгі белгілі бір уақыт шеңберінде шектелген құбылыс саналады. Бұл бағыттың өкілдері бойынша мәдениеттің атқаратын қызметі маңызды, олар мәдениеттің адамдар өміріндегі орны мен рөліне мән береді, мәдениет қоғамның сұраныстары мен мұқтаждықтарын қалай өтейтініне, салт-дәстүр мен құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа қалай жеткізіп беретініне мән береді. Функционализм ағымының көрнекті өкілдері қатарында А.Р. Рэдклифф-Браун, Б. Малиновский секілді ғалымдар бар. Бұл бағыттағы ғалымдар этностың қалыптасуындағы туыстық, рулық, тайпалық, қауымдық кезеңдерге, таптық әлеуметтік құрылымдарға мән береді. Ұлтты танып-білу үшін оның әлеуметтік, мәдени-рухани ерекшеліктерін, ішкі байланыстарын, құндылықтар жүйесін зерделеу аса маңызды деп санайды. Кезінде Британ империясы өзінің отарлаған елдерін оңтайлы басқару үшін функционализмдік зерттеу нәтижелерін пайдаланды, колониялық саясатты жергілікті элитаның көмегімен, байырғы халықтардың дәстүрлі құндылықтары мен салт-дәстүрлеріне, басқару тетіктеріне сүйене отырып, жанама басқару арқылы жүзеге асырды.

Функционализм тұжырымдамасын басшылыққа алсақ, бұл қазақ ұлтының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен алғышарттарды, тарихи-мәдени ерекшеліктерді түсінуімізге көмектеседі. Ол ерекшеліктер ғасырлар бойы қазақтардың тұрмыс-тіршілігі өткен географиялық орта мен климатқа, өмір сүру салты мен шаруашылық жүргізу әдістеріне, діни наным-сенімдеріне, мәдениетіне, салт-дәстүріне, тарихына,

көршілес елдердің тигізген әсеріне қарай қалыптасып, бірте-бірте дамыды. Яғни, қазақ елінің жер ауқымы қандай кең-байтақ болса, қазақ ұлтының жан-дүниесі де сондай кең. Қазақы далалық демократия да қазақ ділінің ашықтығы мен кеңдігіне негізделді. Жаны еркіндікті сүйетін қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістері де тарихта көп болған. Қазақ елінің батыс пен шығыс өркениеттерінің арасында орын тебуі қазақтың жан-дүниесін байытты, тіліне кірме сөздер көптеп енді, ал өне бойына еліктегіштік, ксенофилия (ксено – бөгде, филия - сүю), толеранттылық сияқты қасиеттерді дарытты. Қазақ даласын Ұлы Жібек жолының басып өтуі Азия мен Еуропа арасындағы сауда керуендерімен бірге жүрген түрлі діннің, мәдениеттің, ұлттың өкілдерінің қазақтармен қарым-қатынас жасауына игі ықпал етті. Шығыс пен батыс өркениеттерінің өзара үнқатысуына дәнекер бола отырып, қазақ этносының өзін-өзі айқындауы ерекше жолмен дамыды, қазақтардың ұлттық болмысы, психологиясы, тілі мен мәдениеті, діні мен ділі бейімделгіш, икемді және гибридті сипатқа ие болды.

Этносаясатта өзіндік орны бар ғылыми бағыттың бірі – конструктивистік болып табылады. Оның бастауында қоғамды адами іс-әрекет туындысы әрі күрделі әлеуметтік құрылым ретінде қарастыратын Питер Бергер мен Томас Лукманның 1967 жылы жарық көрген «Шынайылықты әлеуметтік құрастыру» атты еңбегі тұр (Бергер П., Лукман Т.: 1995). Бұл ғылыми бағыт негізінен АҚШ, Канада сияқты иммигранттық елдерде кеңінен таралды. Иммигранттық елдерде түрлі шет елдерден жиналған иммигранттар ерекше халықтық бірлестік – нацияны құрайды, ол автохтонды (байырғы, төл ұлт) мемлекет құраушы төл этнос негізінде құрылған ұлт-мемлекеттен (nation-state) өзгеше. Ұлт-мемлекет тіл, салт-дәстүр, мәдениет, дін негізінде құралса, мигранттық мемлекет билеуші элитаның саяси идеялары, зиялы қауымның мәдени-рухани ойлары мен көркем туындылары негізінде қалыптасады, жасанды символдар, арман мен идея төңірегінде топтасады. Мысалы, «америкалық арман» соның жарқын көрінісі. Этнолог ғалым Фредерик Барт этносты сиволикалық құралдар арқылы қалыптасатын әлеуметтік бірегейліктің түрі ретінде анықтады (Барт Ф.; 2006).

Түйіндеп айтсақ, конструктивизм бойынша этнос – мәдени өзін-өзі айқындау негізінде қалыптасатын құбылыс. Сондықтан

америкалық бірегейлік басқаларға қарағанда өзгеше. Өзге ұлттарда ұлттың өзін-өзі айқындауының балама факторлары - ортақ тарих, тіл, салт-дәстүр, дін т.б. бар. Халқы дүниежүзінің түпкір-түпкірінен жиналған Америкада ондай ортақ құндылықтар жоқ екені белгілі. Таңқаларлығы, соған қарамастан «америкалық нацияның» бірлігі нақ осындай факторлармен қамтамасыз етіледі, яки, өздерін ұлт-нация ретінде түсінуге қажетті құндылықтардың орнын жоқтатпайтындай саяси-идеологиялық, құқықтық және мәдени-рухани конструкция жасалған.

Конструктивизм қағидаты Қазақстандағы этникааралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайтушы институционалды тетіктердің негізінде жатыр. Оған мысал ретінде 1995 жылғы 1-ші наурызда құрылып, содан бері тұрақты қызмет етіп келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясын айтсақ болады. Яғни, Ассамблея – мемлекеттің құрамындағы этностар мен мемлекет аппаратын жалғаушы құрылым. Ол елдегі ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың сақталуына жәрдемдесуге; мемлекет құраушы қазақ ұлты мен Қазақстан аумағында тұрып жатқан түрлі диаспоралар арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуына ықпал ететін мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге, тең құқылық принципін сақтау негізінде олардың рухани-мәдени түлеуі мен дамуына жәрдемдесуге; азаматтардың өркениеттілік пен демократиялық нормаларға сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыруға; мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық саясатында әр алуан ұлттық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; қоғамда туындаған әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу үшін мәмілелер іздестіруге бағытталған. Ал мұның барлығы түптеп келгенде жалпы қазақстандық азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайтуға, жалпыұлттық бірлікті күшейтуге ықпал етуде.

Ұлттық-мәдени бірегейлік тұжырымдамасын неғұрлым толық қарастыру үшін «ұлт» және «мәдениет» ұғымдарын ашып, олардың арақатынасын анықтау қажет. Қазіргі саяси ғылымда ұлтты анықтаудың француздық және немістік үлгілері кең танымал: француз үлгісінде - ұлт “отандастар” ретінде, ал, неміс үлгісінде - ұлт діл, мәдениет, тіл т.б. ерекшеліктермен анықталады. Мысалы, француздық үлгі бойынша қандай ұлттың өкілі болмасын, қолында Франция азаматы екенін растайтын төлқұжаты бар болса, ол – француз.

Францияға бақыт іздеп келген қаншама араб, африкалық, азиялық мигранттар азаматтық алып, еуропалық өмірден орнын тауып, бағы жанып жатса, өздерін французбыз деп мақтанышпен айтады.

Соған сәйкес ұлттық бірегейлікті зерттеуде екі негізгі тәсілі ерекшеленеді: мәдениет тұрғысынан қарастыру (ұлт тілдің, мәдениеттің ортақтығы негізінде бірнеше этностардың бірігуінің нәтижесі ретінде қарастырылатын мәдени-этникалық тәсіл) және азаматтық тұрғыдан қарау (ұлт белгілі бір мемлекетке жататын, яғни белгілі бір мемлекеттің азаматы саяси-құқықтық мәртебесіне ие халық деп түсінілетін этатистік тәсіл) [Осипов Г.В.: 2000].

Кеңестік дәуірдегі ғылымда басым болған ұлт белгілері: ортақ шаруашылық, ортақ территория, ортақ мемлекет қандай маңызды болғанымен, әлемдегі барлық ұлттардың қалыптасуындағы міндетті, әмбебап белгі емес. Этносжасаушы белгілер әрбір ұлттың тарихи тағдырына байланысты әр-түрлі болуы – табиғи заңдылық.

Демек, әрбір этностың қалыптасуы барысында этносжасаушы белгілердің барлығының да болуы міндетті емес. Көптеген ірілі-ұсақты этностардың қалыптасуында этносжасаушы белгілердің түгелдей болмайтындығын әлемдік тәжірибе әлдеқашан дәлелдеді.

Сонымен, көріп отырғанымыздай, ұлт қалыптасуының алғышарттары мен ұлттық бірегейліктің негізгі белгілері туралы мәселеде ортақ ұстаным жоқ. Бұл тұрғыда ағылшын зерттеушісі Пол Гилберт өзінің "Ұлтшылдық философиясы" атты еңбегінде ұлтты түсіндірудің жеті тәсілін анықтайды, олардың әрқайсысында жеке белгі пайда болады:

- 1) номиналистік көзқарас (адам өзін белгілі бір ұлт деп санаған кезде);
- 2) натуралистік (табиғи ұқсастық негізінде);
- 3) волонтаристік (ерікті бірлестік негізінде);
- 4) аумақтық (өмір сүру аумағының ортақтығы негізінде);
- 5) лингвистикалық (тілдің ортақтығы негізінде);
- 6) аксиологиялық (құндылықтар ортақтығы негізінде);
- 7) дестинаристік (тарих пен тағдырдың ортақтығы негізінде) (Gilbert P.; 1998).

Жалпы, қорыта айтсақ, жоғарыда аталған зерттеушілердің көзқарастарындағы негізгі ойлар мынаған келіп саяды: ұлт дегеніміз – тарихи ұзақ кезең барысында тайпалар, рулар мен тайпалық одақтардың, нәсілдердің бірігуі мен араласуының нәтижесінде тарихи

қалыптасып, әлеметтік-этникалық бірлік, экономика, территория, тіл, діл, мемлекет сияқты белгілермен тығыз өрілген қандық-тектік (генетикалық) тұтастығы бір және антропологиялық бірегейлікпен байланысқан адамдар жиынтығы. Ал, қазақ ұлтын қалыптастырушы, этнос жасаушы белгілеріне келетін болсақ, шешуші негіз ретінде – ортақ территория, мемлекет, тіл, салт-дәстүрлер мен діл, дін, психологиялық ерекшелік және бір этногенетикалық тектің болуын айтуымызға болады.

#### **«Ұлт» пен «нация» ұғымдарын түсіндіру мәселесі**

Ұлт мәселесін зерттеушілердің көзқарастарындағы тұжырымдарын қорытып, анықтауымыз бойынша, ұлт дегеніміз – тарихи ұзақ кезең барысында тайпалар, рулар мен тайпалық одақтардың, нәсілдердің бірігуі мен араласуының нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-этникалық бірліктің ерекше дамыған түрі. Мұндай әлеметтік-этникалық бірлік экономикалық байланыстар, территория, тіл, діл (менталитет), мемлекет сияқты белгілердің ортақтығы негізінде туындайды. Бұл тұрғыда өркениеттер қақтығысын негіздеуші ғалым С. Хантингтон мәдени бірегейліктің құрамдас элементтері ретінде жеке тұлғаның тілдік, діни, өркениеттік және ұлттық сипаттарын көрсеткен болатын (Huntington S.: 1993). Жалпы, ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, мәдениетсіз ұлт жоқ. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық мәдениеті болуы заңдылық, ол ұлттың жан-дүниесі, рухы.

Алайда, әлемдік этностардың қалыптасу процесі өте күрделі екендігін ескерсек, олардың қалыптасып дамуы да әр қилы: жер шарындағы екі мыңнан астам ірілі-ұсақты этностардың әрқайсысы өзін жеке этнос ретінде айқындауы мен ұлттық сана-сезімінің оянуы біркелкі емес. Сондықтан барлық этностардың ұлттық белгілерін айқындайтын ортақ жүйені жасау ақиқаттан алшақ жатқан іс. Мысалы, И.В. Сталин 1913 жылғы "Марксизм және ұлт мәселесі" деген еңбегінде ұлтқа: "...тілдің, территорияның, экономикалық өмір ортақтығы мен психологиялық ұқсастықтың, мәдениеттің бірегейлігі негізінде тарихи қалыптасқан адамдар бірлігі" - деп анықтама беріп, "егер ұлттың бойында бұл белгілердің бірі жоқ болса, ондай қауым ұлт болудан қалады" - деген тұжырымы Кеңес Одағында ұлт мәселесін шешу моделінің негізін салған еді (Сталин И.В.; 1952).

Бірақ бұл қағида мәселеге бір жақты ғана қарағандығы байқалады, өйткені, кейбір этностар қалыптасуында ортақ экономика, ортақ мемлекет болуы шешуші роль атқарса, екінші бір этностың өмірге келуінде ортақ тағдыр, ортақ тіл, ортақ психология шешуші рөлге ие. Ал үшінші бір этностың миллиондаған адамдар топтарын жаңа жер, өмір сүру кеңістігін іздеу барысында қалыптасуы және бар. Олай болса, «этнос», «ұлт», «ұлыс», «диаспора», «нация» деген ұғымдарға анықтама беруде олардың қалыптасуы мен өмір сүру үлгісінің әр-алуандылығына байланысты сан алуан теориялық-әдістемелік қағидалардың болуы да заңды құбылыс. Мәселен, өздерінің біртұтас территориясы, мемлекеті мен экономикасы жоқ, түрлі елдердің құрамында шашыраңқы отырған күрдтер, сығандар, дұңғандар, гагауздар сияқты басқа да өздерін белгілі бір ұлт өкіліміз деп есептейтін халықтар бұған тағы бір дәлел. Бұлар – ортақ тіл, мәдениеттерінің ерекшеліктері ұқсас, ділі мен психологиялары тамырлас түрлі тайпалар мен тайпалық одақтардың араласуы барысында қалыптасқан адамдардың тарихи әлеуметтік-этникалық қауымдастығы - ұлыстарды құрайды. Ұлт пен ұлыстың негізгі айырмашылығы осында.

Ал этникалық және ұлттық топ ұғымдарына берілген анықтамалар: этникалық топ – «...тілі, ділі мен психологиясы, ортақ тарихы мен шығу тегінің тамыры бір екенін білдіретін ұлттық сана-сезім, мәдениет, әдет-ғұрып, тұрмыс жайы сияқты өткеннің этнографиялық мұрасы ретіндегі ортақ ерекшелік белгілері бар, әлеуметтік бірлік негізінде өзара бірлескен, этностың бір бөлшегі болып саналатын, олармен әлсіз байланыстағы адамдар бірлігі» (Абсаттаров Р.Б.: 1995). Әдетте, күнделікті өмірден славяндық этникалық топтар, англосаксондық этникалық топтар сияқты т.б. сөз тіркестерін жиі кездестіреміз.

Ал ұлттық топтар белгілі бір мемлекетте байырғы емес, кіріккен ұлт болып саналатын, шығу тегі, тілі мен мәдениеті бойынша өздерінің негізгі этносымен туыстас адамдар қауымы болып табылады. Ұлттық топтардың өзінің байырғы жұртымен әлеуметтік байланысы әлсіз, кейде кездейсоқтық мәнде. Олардың жалпы байланысы – басты ұлттық ерекшеліктерінің ортақтығында. Ұлттық топтарға Қазақстанға кіріккен басқа ұлт өкілдерін - қазақстандық орыстарды, немістерді, украиндарды, өзбектерді т.б. диаспораларды жатқызамыз.

Бенедикт Андерсонның айтуынша, «нация» деген ұғымның пайда болған кезеңі мен отаны – ағартушылық дәуіріндегі Еуропа болды (Андерсон Б.; 2001). Осылайша бұрынғы заманда түрлі корольдік, герцогтік, княздық т.б. иеліктердің орнына неміс, француз, испан т.б. нациялары туындады.

Итальян ойшылы Н. Макиавелли де білгілі бір аумақ пен ондағы халықты басқарудың жоғарыда аталған сан-алуан түрлерін (корольдік, герцогтік, княздық, патшалық т.б.) ортақ атаумен белгілеуді ұсынып, оны итальянша «stato», яғни, «мемлекет» деп атағаны белгілі. Бұл атау ағылшын тіліне «state» болып енді (Нерсесянц В.С.: 1996).

Америкалық ғалым К. Вердери «нация» ұғымын екі мағынада түсіндіреді: біріншісі – ішкі саяси тұрғыда мемлекет өзінің қарамағындағы халықты, азаматтығы бар адамдарды «нация» деа атайды, екіншіден – халықаралық саясатта мемлекеттер өздерін «нация» деп атайды дейді (Вердери К.: 2002).

Сол сияқты неміс ғалымы Ю. Хабермас та «Біріккен Ұлттар Ұйымын» (United nations organization) мысалға ала отырып, әлемдегі тәуелсіз ұлттық мемлекеттер өздерін «nation» яғни, «нация» деп атайтынын алға тартады (Хабермас Ю.: 2002).

«Нация» құрылуы үшін ортақ символикалық құндылықтар болуы қажет. Мысалы, ортақ тіл, ортақ арман, ұлттық идея немесе стратегия т.б. Британдық, америкалық нациялар ағылшын тілінің, Франциялық нация француз тілінің негізінде т.с.с. біріккен халық. Кеңестер Одағы да орыс тілінің негізінде «кеңестік нацияны» құрды, орыс тілінің ортақтығын қазір Ресей Федерациясы жалғастыруда. Қытай да осы дәстүрге сәйкес жалпықытайлық (путунхуа) тілге өз халқын ұйыстырып отыр. Алайда бұл жерде ескере кететін жағдай – кейбір мемлекеттер бірнеше мемлекеттік тіл негізінде де өз халқын «нацияға» біріктіріп отырғанын ұмытпауымыз керек. Мысалы, Канада (ағылшын, француз тілдері ресми), Нидерланды (нидерланды, батыс фрис тілі), Бельгия (нидерланды, француз және неміс тілдері), Сингапур (ресми тілдері ағылшын, қытай, малай, тамиль) т.б. Ал Қазақстанның ерекшелігі – конституция бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ресми тіл болып бекітілуі арқылы қазақстандық халықты ұйыстыруы болып отыр.

«Нация» ұғымына қатысты нақтылай кететін жәйт мынада: біріншіден, әлемдік тәжірибеге талдау жасасақ, тарихи даму



барысында ұлттық унитарлы және федеративті, құрама мемлекеттілік формалары қалыптасқан. Ұлттық-унитарлы мемлекеттің өзгелерінен басты айырмашылығы – онда мемлекет құрушы төл этнос бар (Мұсатаев С.Ш.: 2016). Екіншіден, «нация» ұғымын қазақша «ұлт» деп аудару дұрыс емес, ол «халық» дегенге көбірек келеді. Себебі ағылшынша «nationality» деген «ұлт», «азаматтығы» немесе «ұлты» деген ұғымдарға сай келеді. Кейбіреулер осындай түсінбестікпен «американская нация», яғни, «американдық халық» сияқты түсінікті «қазақстандық ұлт» деп шатасып жүр. Мұны аударма барысында туындаған қайшылық десек те болатын сияқты. Бұрын «советская нация» дегенді «кеңестік ұлт» деген жоқпыз ғой, «кеңестік халық» дедік.

Бұл тұрғыда Қазақстанның тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2008 жылғы 29 мамырда Ақордада бір топ қазақ тілді БАҚ басшыларымен кездескенде: «Единая казахстанская нация» дегенді «Біртұтас қазақстандық ұлт» деп аудару дұрыс болмас. «Нация» мен «национальность» (ел-жұрт және ұлт) деген ұғымдар бар. Қазақстан - қазақ ұлтының негізінде құрылған мемлекет. Қазақстан деген сөзде қазақтың мемлекеті деген ұғым жатыр. Сондықтан да, бұл идеяны, менің ойымша, қазақ тілінде «қазақстандық ұлт» емес, «қазақстандық ел» деп атаған жөн тәрізді... "Қазақстан" сөзінің өзі "Қазақ елі" дегенді білдіреді ғой» - деген еді (Назарбаев Н.Ә.: 2008).

Ал ұлттық мемлекет оны құрушы негізгі ұлтсыз өмір сүре алмайды, қазақстандықтар ішінде қазақ ұлтының тарихи орны ерекше, себебі, қазақтар мемлекет құрушы ұлт. Мемлекет - Қазақстан деп аталады, яғни, Елбасымыз айтқандай, “Қазақ елі”. Қазақ елі – конституциялық тұрғыда идеологиялық әр-алуандылық (плюрализм) бекітілген, «бірліктегі көптүрлілік» қағидатына негізделген ұлттық мемлекет болып табылады.

Көпэтносты Қазақстан халқын ортақ арман мен ортақ мақсатқа ұйыстыру үшін ел халқының татулығы және өзара түсіністігімен қатар жалпыұлттық азаматтық бірегейлік ауадай қажет. Ішкі саясаттағы қиындықтар Қазақстан өз тарихында тәуелсіз ел болып, республика халқының көпұлтты құрамын құраушы қазақ этносы мен басқа да ұлттардың өзіндік болмыстарын жаңғыртып, жан-жақты дамытуына шынайы мүмкіндіктер алуымен тығыз байланысты болып отыр. Сондықтан да, қазақстандық ішкі саясаттың басты қағидаты – этносаралық келісім. Ал оған қол жеткізу

прагматикалы ұлт саясатын жүзеге асырумен тығыз байланысты.

### Қорытынды

Түйіндеп айтар болсақ, белгілі бір тарихи кезеңде неғұрлым маңызды болып табылатын ұлттық-мәдени бірегейлікті қалыптастырудың көптеген тетіктері бар: тіл, дәстүрлер, құндылықтар, идеологиялар, аумақтың ортақтығы, экономиканың даму деңгейі, табиғи жағдайлар, Дін және т. б. ұлттық-мәдени бірегейлік объективті шындықты ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құрылымды да білдіреді. Біздің қиялымызда бар және өзгеруге қабілетті осы шындық туралы біздің идеяларымыз.

Ұлттың дамуы үшін, бір жағынан, қалыптасқан мемлекет, идеология, азаматтық қоғам институттары қажет, соның арқасында тұтастық қамтамасыз етіледі, ұлттың құқықтық аспектісі бекітіледі, халықаралық аренада ұлт мүдделерін білдіруге болады, өйткені оның тіршілігін басқа халықтар ресми түрде мойындайды. Екінші жағынан, ұрпақтар сабақтастығын, дәстүрлерді сақтауды қамтамасыз ететін және символдық және семантикалық контекст, қоғамның өзін-өзі көрсетудің ерекше формасы ретінде әрекет ететін мәдени компонентсіз ұлттың болуы мүмкін емес.

Ұлттық-мәдени бірегейлікте осы компоненттердің синтезі, үйлесімді үйлесуі маңызды, тек осы жағдайда ғана жаһандану дәуірінде пайда болған ұлттық-мәдени дағдарыстарды еңсеруге және, атап айтқанда, ұлттық бірлікті, ынтымақтастықты нығайту және толеранттылықты дамыту, яғни басқа ұлттарға құрмет сияқты Қазақстан Республикасының стратегиясы мен заңнамаларында қойылған мақсаттарға қол жеткізуге жақындауға мүмкіндік бар.

Рухани факторларға келсек, ең алдымен, қазақ ұлты халықты ұйыстырушы ядро қызметін атқарғанымен, қазақ тілі мұндай миссияны атқаруда кенжелеп қалғаны жасырын емес. Елімізде идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арнасында қоғамда жоғарғы тіл мәдениетінің орнығуы тиіс. Оған мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, керісінше, оның біріктіруші рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол шын мәнісінде барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып білудің негізі екені даусыз.

Жалпыұлттық бірегейліктің негізі – мемлекеттік тіл, сондықтан, Қазақстанды мекен еткен әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс. Әлемде біз сияқты көпэтносты мемлекеттер жеткілікті екені рас. Бірақ, көптеген шетелдерде мемлекеттік тілді білмесең, азаматтық ала алмайсың, жақсы жұмыс жоқ, өмір сүруің қиын. Сөйте тұра, ондай мемлекеттерді ешкім де «ұлтшыл» деп кінәлап, айып тағып жатқан жоқ.

Азаматтық бірегейлік қалыптастыруда тарихымызды, рухани-мәдени мұраларымызды жаңғырта отырып, дәстүр мен жаңашылдықты өзара бейімдеп, қатар өрбіткеніміз жөн. Алайда, бұл нәзік мәселеде ешқашан сыңаржақтылыққа, асыра

сілтеушілік пен еліктегіштікке бой алдырмауымыз қажет, ұлтшылдық сезімі жасампаздық сипатта ғана болмайтынын ескеруіміз қажет.

Радикалды, нацистік, экстремистік, террористік т.б. саяси күштер патриоттық ұрандарды жамылып, халықтың арасына іріткі салуы да ықтимал.

Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу іс-шаралары өмірлік шынайылықпен сабақтасуы қажет. Нағыз азаматтық сана-сезімді қалыптастыру жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асады.

### Әдебиеттер

- Absattarov P.B. (1995). Национальные процессы: особенности и проблемы. -Алматы: Ғылым. -248 с.
- Андерсон Б. (2016). Воображаемые сообщества. Размышления об истоках и распространении национализма / Пер. с англ. В. Николаева; вступ. ст. С. П. Баньковской. -М.: Кучково поле. - 416 с. Электронный вариант: <https://www.hse.ru/data/2016/10/23/1110949768/Андерсон.книга.pdf>
- Балибар Э., Валлерстайн И. (2004). Раса, нация, класс. Двусмысленные идентичности. Пер с фр. под ред. О. Никифорова и П. Хицкого. Москва: Издательство "Логос". -288 с. Электронный вариант: [http://hegel.narod.ru/knigi/race\\_nat.pdf](http://hegel.narod.ru/knigi/race_nat.pdf)
- Барт Ф. (2006). Этнические группы и социальные границы. Социальная организация культурных различий. Сборник статей / Под ред. Ф. Барта; пер. с англ. И. Пилыщикова. -М.: Новое издательство. - 200 с.
- Бергер П., Лукман Т. (1995). Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. Перевод Е. Руткевич. -М.: "Медиум". -323 с. // [https://skedpic.ru/wp-content/uploads/2013/05/Berger\\_Lukman\\_-\\_Socialnoe\\_konstruirovanie\\_realnosti\\_Skedpic.ru\\_.pdf](https://skedpic.ru/wp-content/uploads/2013/05/Berger_Lukman_-_Socialnoe_konstruirovanie_realnosti_Skedpic.ru_.pdf)
- Вердери К. (2002). Куда идут «нация» и «национализм»? // Нации и национализм. -М. -С. 297.
- Giddens A. (1991). Modernity and self-identity. -Stanford (California) Stanford univ. press. 108 p. // [https://s3.amazonaws.com/arena-attachments/50002/Giddens\\_ModernityandSelf-Identity.pdf](https://s3.amazonaws.com/arena-attachments/50002/Giddens_ModernityandSelf-Identity.pdf)
- Gilbert P. (1998). The Philosophy of Nationalism. -Boulder, Colorado, and London: Westview Press. -С. 50
- Laitin D. (2001). Encyclopedia of nationalism. Fundamental themes. -San Diego Etc. Acad. Press. -Vol. 1. -P. 575-588
- Марков Г.Е. (2004). Немецкая этнология. -М. -С. 24.
- Мұсатаев С.Ш. (2016). Ұлттық мүдденің ақиқаты мен аманаты. –Алматы: Қазақ университеті. -390 б.
- Назарбаев Н.Ә. (2008). Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 29 мамырда Ақордада қазақ тілді БАҚ басшыларымен кездесуде сөйлеген сөзі // Ақиқат. № 7. –Б. 5.
- Нерсесянц В.С. (1996). История политических и правовых мыслей / Под ред. В.С. Нерсесянца. -М.: ИНФРА-М. -736 с.
- Осипов Г.В. (2000). Социологический энциклопедический словарь: на русском, английском немецком, французском и чешском языках / ред.-координатор академик РАН Г. В. Осипов. –М. : НОРМА. – 488 с., с. 276
- Смит Энтони Д. (2004). Национализм и модернизм: Критический обзор современных теорий наций и национализма / Пер. с англ. А.В. Смирнова, Ю.М. Филиппова, Э.С. Загашвили и др. -М.: Праксис. -464 с. // <https://staff.ttiame.uz/storage/users/411/books/Ao5mMhU6Z2kcxYOZRBzr8NnKp32OuqUQBtc9mw1o.pdf>
- Сталин И.В. (1952). Сочинения. -М.: Политиздат. Т.2. -296-297 б.
- Хабермас Ю. (2002). Европейское национальное государство: его достижения и пределы: О прошлом и будущем суверенитета и гражданства // Нации и национализм / Б. Андерсон, О. Бауэр, М. Хрох и др. -М. -С. 364.
- Huntington S.P. (1993). The clash of civilizations? // Foreign affairs. – N.Y. – Vol.72, N 3. – P.22–49. // <https://www.foreignaffairs.com/articles/united-states/1993-06-01/clash-civilizations>
- Хобсбаум Э.Дж. (1998). Нации и национализм после 1780 года / Эрик Хобсбаум; Пер. с англ. А. А. Васильева. -СПб.: Алетейя. -305 с

### References

- Absattarov R.B. (1995). Natsionalnye protsessy: osobennosti i problemy [National processes: features and problems]. -Almaty: Gylym. -248 p.
- Anderson B. (2016). Voobrazhaemye soobshestva. Razmyshleniya ob istokah i rasprostraneni natsionalizma [Imaginary communities. Reflections on the origins and spread of nationalism] / Per. s angl. V. Nikolaeva; vstup. st. S. P. Bankovskoi. -M.: Kuchkovo pole. -P. 416. Elektronnyi variant: <https://www.hse.ru/data/2016/10/23/1110949768/Anderson.kniga.pdf>
- Balibar E., Vallerstain I. (2004). Rasa, natsija, klass. Dvumyslennye identichnosti [Race, nation, class. Ambiguous identities.]. Per s fr. pod. red. O. Nikiforova i P. Hitskogo. Moskva: Izdatelstvo "Logos". -288 p. Elektronnyi variant: [http://hegel.narod.ru/knigi/race\\_nat.pdf](http://hegel.narod.ru/knigi/race_nat.pdf)

- Bart F. (2006). *Etnicheskie gruppy i sotsialnye granitsy. Sotsialnaja organizatsija kulturnyh razlichii. Sbornik statei [Ethnic groups and social boundaries]* / Pod red. F. Barta; per. s angl. I. Pilytsikova. -M.: Novoe izdatelstvo. - 200 p.
- Berger P., Lukman T. (1995). *Sotsialnoe konstruirovaniye realnosti. Traktat po sotsiologii znaniya [Social construction of reality. A treatise on the sociology of knowledge]*. Perevod E. Rutkevich. -M.: "Medium", -323 p. // [https://skepdic.ru/wp-content/uploads/2013/05/Berger\\_Lukman\\_-\\_Sotsialnoe\\_konstruirovaniye\\_realnosti\\_Skepdic.ru\\_.pdf](https://skepdic.ru/wp-content/uploads/2013/05/Berger_Lukman_-_Sotsialnoe_konstruirovaniye_realnosti_Skepdic.ru_.pdf)
- Verderi K. (2002). *Kuda idut «natsiya» i «natsionalizm»? [Where do "nation" and "nationalism" go?]* // *Natsii i natsionalizm*. -M. -P. 297.
- Giddens A. (1991). *Modernity and self-identity*. -Stanford (California) Stanford univ. press. 108 p. // [https://s3.amazonaws.com/arena-attachments/50002/Giddens\\_ModernityandSelf-Identity.pdf](https://s3.amazonaws.com/arena-attachments/50002/Giddens_ModernityandSelf-Identity.pdf)
- Gilbert P. (1998). *The Philosophy of Nationalism*. -Boulder, Colorado, and London: Westview Press. -p. 50
- Laitin D. (2001). *Encyclopedia of nationalism. Fundamental themes*. -San Diego Ets. Acad. Press, -Vol. 1. -P. 575-588
- Markov G.E. (2004). *Nemetskaja Etnologija [German Ethnology]*. -M. -P. 24.
- Musataev S.SH. (2016). *Ultyq myddening aqiqaty men amanaty [The truth and trust of the national interest]*. – Almaty: Qazaq universiteti. -390 p.
- Nazarbaev N.A. (2008). *Qazaqstan Prezidenti N.A. Nazarbaevtyng 2008 zhylygy 29 мамырда Aqordada qazaq tildi BAQ basshylarymen kezdesyde soilegen sozi [Speech of the president of Kazakhstan N. A. Nazarbayev at a meeting with the heads of the Kazakh-language media in Akorda on May 29, 2008]*// *Aqiqat. № 7*. –P. 5.
- Nersesjants V.S. (1996). *Istorija politicheskikh i pravovykh myslei [History of political and legal thoughts]*, Pod/red. V.S. Nersesjantsa. -M.: INFRA-M. -736 p.
- Osipov G.V. (2000). *Sotsiologicheskii Entsiklopedicheskii slovar: na ruskom, angliiskom nemetskom, frantsuzskom i cheshskom jazykah [Sociological Encyclopedic dictionary: in Russian, English, German, French and Czech]* / red.-koordinatorka akademik RAN G.V. Osipov. –M. : NORMA. –P. 276.
- Smit Entoni D. (2004). *Natsionalizm i modernizm: Kriticheskii obzor sovremennykh teorii natsii i natsionalizma [Nationalism and Modernism: A Critical Review of Modern Theories of Nations and Nationalism]* / Per. s angl. A.V. Smirnova, Ю.М. Filippova, E.S. Zagashvili i dr. -M.: Praksis. -464 p. // <https://staff.ttiame.uz/storage/users/411/books/Ao5mMhU6Z2kcxYOZRBzr8NnKp32OuqUQBtc9mw1o.pdf>
- Stalin I.V. (1952). *Sochineniya [Essays]*. -M.: Politizdat, T.2. -296-297 p.
- Habermas U. (2002). *Evropeiskoe natsionalnoe gosudarstvo: ego dostizheniya i predely: O proshlom i budushem suvereniteta i grazhdanstva [The European Nation-State: its achievements and limits: About the past and future of sovereignty and citizenship]* // *Natsii i natsionalizm* / B. Anderson, O. BauEr, M. Hroh i dr. -M. -P. 364.
- Huntington S.P. (1993). *The clash of civilizations?* // *Foreign affairs*. – N.Y., – Vol.72, N 3. –P.22–49. // <https://www.foreignaffairs.com/articles/united-states/1993-06-01/clash-civilizations>
- Hobsbaum E.Dzh. (1998). *Natsii i natsionalizm posle 1780 goda [Nations and nationalism after 1780]* / Erik Hobsbaum; Per. s angl. A. A. Vasileva. -SPb.: Aleteija. -305 p.